

Ресми рецензент, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Мамедова Фатима Зильпикаровнаың
«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Култанбаева Нургул Калдыгуловнаның «Ертегі дикурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары
бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Ертегі дикурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары бойынша)» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы); 1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.). 4) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Диссертант Н.К. Култанбаева өз зерттеуі барысында Қазақстанның дискурсология ғылымына елеулі үлесін қосып, қазақ, орыс, араб ертегі дикурсының лингвомәдени өлшемдері мен ертегі дикурсы жанрына тән белгілерді толық ашқан. Ертегі дикурсының лингвомәдени өлшемдерін дикурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау арқылы орындалған осы диссертациялық жұмыс дикурс теориясы мен лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімінің жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға

		<p>1) айқындайды: 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (10-12 беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да қазақ, орыс және араб тілдері материалдары бойынша ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы зерттеуге бағытталған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді: 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (7-8 беттер). Диссертант ертегі дискурсы – әлеуметтік-тарихи, мәдени, этникалық, тілдік факторлармен айқындалған, жеке тұлғаның және бүтін халық санасының ерекшелігін, уақытпен дәлелденген озық дәстүрлерді бейнелейтін, белгілі бір дәуірдің шындықтарымен сәйкес келетін әлеуметтік концептілердің және олардың түрлі нұсқаларының өзіндік жиынтығы деп пайымдайды және осы ғылыми пайымдауларын жұмыста дәлелдейді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан: 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 2 қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Диссертация аясында құрастырылған, қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегілеріне тән ортақ белгілер мен айырым белгілерге арналған қосымша берілген (140-143 беттер).</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар: 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар. Н.К.Култанбаева ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, дискурс ұғымы, ертегі дискурсы жанрына тән белгілер, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемі, оның тілдік, когнитивтік-коммуникативтік деңгейлерде өзектелуі турасында айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған (26, 36, 44, 70 беттер).</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа: 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 1 мақала, ҚР БЖҒМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 4 мақала және халықаралық және практикалық конференцияларда 4 мақаланың басылуымен расталады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p>	<p>Зерттеуде алынған қорытындылар толығымен жаңа. 1. Ұлттың өмір сүру салты мен тарихи алға жылжуын, тұрмыстық</p>

		<p>1) толығымен жаңа: 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>деректердің ойлау процесіне және ұлттық тілді қалыптастыруға тікелей қатысы барлығына көңіл бөле отырып, ертегі дискурсын ерекше мәдени кабат деп анықтайды (37 бет).</p> <p>2. Ертегі дискурсын халықтың барлық әлеуметтік қатпарындағы, яғни этикалық, әлеуметтік, мәдени түрде анық көрсетілген ұжымдық тілдік санадағы күрделі лингвомәдени құбылыс деп негіздейді (37-38 беттер).</p> <p>3. Ертегі дискурсының жанрлық сипатына тән белгілерді анықтайды: тілдік бірліктердің таңдап қолданылуы, айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы, жеке авторлық шеберлік (қарым-қатынас күзiреттiлiгi), ұлттық ерекшелiктiң болуы, қарым-қатынас мақсатының болуы, дискурстық тәжірибенің болуы, айтылымның типтік формаларының болуы, айтылымның қайталану сипатының болуы, ертегілік категориясының болуы (43 бет).</p> <p>4. Өзіне дейінгі жазылған еңбектерге сүйене отырып, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін ұсынады: тілдік, қарым-қатынас стратегиясы, когнитивтік-коммуникативтік (56 бет).</p> <p>5. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің тілдік деңгейде өзектелуін лексикалық, грамматикалық және семантикалық деңгейлер деп бөліп, қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегілерін аталған үш өлшем бойынша талдаған (57-67, 68-70, 71-83 беттер).</p> <p>6. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдау әдістемесі жасалып, ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени талдаудың үш деңгейден тұратын үлгісін ұсынады (111-128 беттер).</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа: 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген (109-116, 136-139 беттер).</p> <p>Қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегілеріне тән ортақ белгілер мен айырым белгілер айрықша аңғарылатын сызбалар құрастырған (119-128 беттер). Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша дискурста қабылдануы мен қайта түзілуіндегі ерекшеліктерді байқауға жүргізілген эксперименттік талдау өз нәтижесін берген (104-111 беттер). Бұл құрылысы әр түрлі тілдердің ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы аспектіде зерттеуде басты жаңалық болып саналады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерінен туындайды.</p> <p>Қазақ, орыс және араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау нәтижесі кез келген мәдениеттегі кодталған білімдер жүйесінің кілтін ашу</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>

дискурс орын алуының маңызды алғышарты деген тұжырым жасайды (124-128 беттер).

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

1) Берілген анықтамаларды талдай келе, өз тарапынан «ертегі дискурсы» терминіне мынадай анықтама ұсынады: «Ертегі дискурсы когнитивтік және тілдік қызметтің динамикалық үдерісі, ерекше әлеуметтік ақпарат түрінде ұсынылған сөйлесім үлгісі. Ертегі дискурсы қарым-қатынасқа қатысушылар арасындағы белгілі бір этностың әлеуметтік-мәдени дүние бейнесін терең көрсететін шынайы сөйлеу әрекеті. Ертегі дискурсы – әлеуметтік-тарихи, мәдени, этникалық, тілдік факторлармен айқындалған, жеке тұлғаның және бүтін халық санасының ерекшелігін, уақытпен дәлелденген озық дәстүрлерді бейнелейтін, белгілі бір дәуірдің шындықтарымен сәйкес келетін әлеуметтік концептілердің және олардың түрлі нұсқаларының өзіндік жиынтығы» (37 бет).

2) Ертегі дискурсының жанрлық сипатына тән белгілерді анықтайды:

- тілдік бірліктердің таңдап қолданылуы;
- айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы;
- жеке авторлық шеберлік (қарым-қатынас күзиретгілігі);
- ұлттық ерекшеліктің болуы;
- қарым-қатынас мақсатының болуы;
- дискурстық тәжірибенің болуы;
- айтылымның типтік формаларының болуы;
- айтылымның қайталану сипатының болуы;
- ертегілік категориясының болуы (43 бет).

3) «Ертегі дискурсы дегеніміздің өзі ертегілік категориясын жүзеге асыратын белсенді орта. Ертегі дискурсы болуы үшін міндетті түрде ертегілік категориялар болуы шарт. Олай болса, ертегі дискурсына дискурстың ешбір жанрында кездеспейтін ертегілік категориялары тән» деп көрсетеді. Оған ғажайыптылық, құндылық, фантастикалық қиялдың болуын, ертегі дискурсында шынайы өмірде болмайтын, шындыққа жанаспайтын, алайда ерекше фантастикалық қиялмен үлкенді де, кішіні де өзіне тартатын оқиғалар орын алатынын, сол оқиғалардың астырт құрылымында ертегі дискурсының барлық құндылығы жататынын, ертегі дискурсы сол бір астырт құрылым арқылы тыңдарман немесе

			<p>оқырман белгілі бір ұлттың, этностың болмысын, танымын, дәстүр-салтын, дүние бейнесін көре алатынын, ертегі дискурсында адамзат баласының арман-қиялы орын алатынын, оқиға шынайы түрде емес, таңғажайып түрде өтіп жататынын жатқызады (37-38 беттер).</p> <p>4) Ертегі дискурсы мен ертегі мәтінінің қарым-қатынастағы негізгі ерекшеліктерін салыстырмалы түрде кесте арқылы ұсынады (42-43 беттер).</p> <p>5) Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін тілдік, қарым-қатынас стратегиясы, когнитивтік-коммуникативтік деп ажыратады да, ертегі дискурсындағы аталған өлшемдердің өзектелуін қазақ, орыс және араб материалдары негізінде дәлелдейді (57, 83, 100 беттер).</p> <p>6) Әр этностың өзіне тән ұлттық сипатын ертегі дискурсының астырт құрылымы арқылы көруге болады және ертегі дискурсында ұшырасатын кісі аттары, жер-су, жан-жануар т.б. атаулар, прецедентті ұғымдар, сандарға қатысты бірліктер және т.б. бөлек бір менталды құрылымды жүйелейді және этностың ұлттық ерекшелігін нақтылай отырып, ертегі дискурсының астырт құрылымында бекітеді деп тұжырымдайды (70-71 беттер).</p> <p>7) Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы зерттеудің әдіснамасы мен принциптерін, әдістерін анықтай отырып, зерттеу үлгісін ұсынады. Ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени талдау үлгісі «Ертегі дискурсының жанрлық белгілерін анықтау», «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтау», «Салғастырмалы талдау» деген үш деңгейден тұрады (117-124 беттер).</p> <p>8) Үш тілдің ертегі дискурсына тән әмбебап белгілерге құндылық бағдарын, тірек концептілерді, ертегінің басталуында, ортасында және соңында қолданылатын тұрақты клишелерді, «үш», «жеті» киелі сандарын, «жер асты әлемі», «жер үсті әлемі» деген түсініктерді жатқызса, ұлттық ерекшеліктер ретінде атақ-лауазым атауларын, оқиғаның өту орнын, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің қолданылуын, киім және тағам атауларын көрсетеді (124-128 беттер).</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған (9 бет). Зерттеуде жалпы ғылыми әдістер – индуктивті әдіс, бақылау, талдау; арнайы лингвистикалық әдістер; дескриптивті-аналитикалық; мәнмәтіндік талдау әдісі; компонентті талдау әдісі; дискурс талдау әдістері; дискурс талдаудың категориялары мен өлшемдері; дискурстық талдау бірліктері; салғастырмалы әдіс; салғастырмалы-салыстырмалы

			<p>әдістер, салғастырмалы лингвомәдениеттану әдістері сандық және сапалық тұрғыда тиімді пайдаланылған. Аталған әдістерден диссертанттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығы байқалады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктерін эксперименттік талдауда пайдаланған. Компьютерлік бағдарламаларды үш тілдегі ертегі дискурсының ортақ және айырым белгілерін көрсетуге арналған сызбаларды жасауда тиімді пайдаланған (119-128 беттер).</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (109 бет). Диссертант ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктерін эксперименттік талдауда ертегіні оқып, қайта мазмұндату мақсатында оқушылардың жас ерекшелігіне орай «Алтын сақа», «Керкұла атты Кендебай» ертегілерін алған. Нәтижесінде ертегіні тыңдап, оны қайта түзуге ұмтылған оқушыларда кателіктер мен ауытқулар болғанына карамастан, ертегі дискурсы орын алған, қарым-қатынас сәтті болған, жалпы ертегі мазмұнын түсініп, оны қайта түзгені дәлелденген (104-118 беттер).</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде дискурс теориясы мен дискурстық талдау бойынша Н.Д. Арутюнова, Ю.Н. Караулов, А.А. Кибрик, Л.М. Макаров, Т. Ван Дейк, М. Стабс, Д. Кэмерон, Қ.Ө. Есенова, Г.Н. Смағұлова, Б.С. Жұмағұлова, Е. Әлкебаева, Ж.М. Кеншінбаева, С.Б. Альпатина, Ш.А. Сабитова, К.Қ. Садирова, А. Әділова т.б.; сөйлеу қарым-қатынас теориясы бойынша И.А. Стернин, В.В. Богданов, Е.Ф. Тарасов, Ф. Оразбаева, С. Әлметова т.б.; салғастырмалы тіл білімі бойынша: М.А. Стернина, А.П. Бабушкин, С.Г. Тер-Минасова, К.К. Дүйсекова, С.С. Исакова т.б.; функционалды лингвистика және сөйлеу жанры теориясы бойынша М.М. Бахтин, В.В. Дементьев, К.Ф. Седов, Т.В. Шмелева т.б.; мәтін лингвистикасы бойынша: И.Р. Гальперин, З.Я. Тураева, Н.С. Валгина, Т.М. Хомутова т.б.; лингвомәдениеттану бойынша: В.Н. Телия,</p>

			<p>В.В. Воробьев, В. Шаклеин, Ә.Т. Қайдар, Ш. Құрманбаева, Е.Н. Жанпейсов, Ж.А. Манкеева т.б.; салғастырмалы лингвомәдениеттану бойынша: Г.М. Алимжанова, Е.О. Опарина т.б.; ертегі дискурсы бойынша: Ю.В. Мамонова, Н.А. Акименко, А.М. Кербс, И.Г. Ульянова, О.А. Плахова, И.С. Соборная, Д.Ф. Шакиров, Ю.М. Брейгер, С.К. Кенжемуратова, А.Т. Қасымбекова т.б. ғалымдар еңбектеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 137 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген. Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері визуалды ақпаратпен толықтырылған, диссертацияда 4 кесте, 8 сурет, 2 қосымша қолданылған.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар дискурс теориясы және лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі салаларының ғылыми-теориялық негіздеріне маңызды және аталған ғылым салаларының теориялық мәселелерінің фундаменталды дамуына үлесін қосады (14, 21, 48 беттер). Сонымен бірге аталған еңбек дискурсологиядағы жаңа, тың мәселе, таңдалған тақырыптың болашағы зор.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жалпы тіл білімі, жалпы және жеке лексикология, дискурс теориясы, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, лингвистикалық зерттеу әдістері бойынша арнайы курстар жүргізуде практикалық маңызы зор. Дискурстық талдау және мәтін лингвистикасы курстарын өткізуде пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Қазақ, орыс және араб тілдері материалдары бойынша ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері дискурсология ғылымында алғаш рет зерттеліп отыр. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс.</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы өте жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай</p>

		<p>2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар, қосымшалар талапқа сай жүйелі жасалған.</p> <p>Н.К. Култанбаеваның диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады.</p> <p>Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы аспектіде зерттеудің өзектілігі дау туғызбайды. Өйткені ертегі дискурсы жанрын басқа дискурс түрлерінен ажырату мәселесінде ғалымдар арасында бірізді пікір жоқ. Диссертант аталған мәселелерді шешу барысында ертегі дискурсының әмбебап сипаттары мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтап, ертегі дискурсы жанрына тән белгілерді нақтылаған, ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісін жасаған.</p> <p>Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілуі ерекшеліктеріне эксперименттік талдау жүргізгені де оң нәтиже берген.</p> <p>Автордың қазақ, орыс және араб тілдері материалдары бойынша ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастыра талдауы диссертанттың әртүрлі ақпаратпен жұмыс істей білетіндігін, өзгелердің идеяларын түсініп, оны қабылдай алатындығын, өз идеясын айтып, оны негіздей білетіндігін аңғартады, кәсіби біліктілігін көрсетеді.</p>
--	--	---	--

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Култанбаева Нургул Калдыгуловнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша «Ертегі дикурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары бойынша)» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты**

Мамедова Ф.З.

14.04.2022

РАСТАЙМЫН

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова



« _____ » _____ 20__ ж./г.